БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# …Н ТУЫ

…КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
…РОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

… апрель Сәрсенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

**Облыс большевиктері Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті II пленумының қаулыларын орындау үшін бар күшті аямай жұмсап, колхозды ауыл-деревняның еңбекшілерін социалистік егіншілік пен қоғамдық мал шаруашылығын онан сайын өркендетуге, сөйтіп, коммунизм орнату ісіне жаңа үлес қосуға жұмылдыра білулері керек.**

…деп ұғынушылық әлі
…е бригаданың дала
…ын ғана емес, ол—
…ндізгі қызу еңбектен
…жатақханасы, тамақ-
…гададағы ұйымдасты-
…лік жұмысының орта-
…ың мәнісін, міне,
…ніп, қосты осы түр-
…қажет.
… қостарын колхозшы-
…рлық жағынан сай
…дениетті жабдықтауға
…ктер жеткілікті. Мә-
…едательдерінің қостар-
…стің табысты болуын
…ті шарттардың бірі
…ғана болып отыр.
…ададағы ұйымдастыру,
…жұмысының орталығы
…ып өттік. Бұл—брига-
…гітшілер колхозшылар-
…десін осы дала қосын-
…лікті жұмысты қоры-
…, кезекті атқарылатын
…нейді, саяси тақырып-
…еді, дауыстап газет
…лік листоктар шыға-
…лай болса, бастауыш
…ының секретарьлары
… жұмыстардың тыңғы-
…үшін тиісті жағдайлар

# Су қорларын пайдалану—маңызды іс

* * *

## Тоған жасалмақ

1 Май қарсаңындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасқан Буденный атындағы ауылшаруашылық артелінің (Соколов ауданы) мүшелері егістік жерлер мен шабындықтарға қар суын тоқтату жұмыстарын барған сайын кеңінен өрістете жүргізіп жатыр.

Мұнда қар суын тоқтататын бөгеттер салу жөнінде колхозшылар өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, бір-бірімен социалистік жарысқа түскен-ді. Кәзір олардың әр қайсысы смена сайын өнімді еңбек етіп, бұл ұлғайтылған міндеттемелерін аброймен орындап жүр. Колхозшылар егістік участоктер мен шабындықтарға бірнеше қар-мұз бөгеттерін жасады. Бұл бөгеттер арқылы 220 гектар егістік жерлер мен шабындықтарды суландыруға болады.

Осы сияқты, Қазақстан атындағы колхоздың егіншілері де қар суын тоқтатуға зор маңыз беріп, бұл жұмысты ойдағыдай ұйымдастыруда. Мұнда кәзірдің өзінде 150 гектар егістік жерлер мен шабындықтарға көктемгі қар суын тоқтатудың шаралары жүргізіліп болды. Таяу күндердің ішінде колхозшылар тағы бірнеше гектар егістік жерлер мен шабындықтарға қар суын бөгейтін шара…

* * *

## Қар суы—мол өнім негізі

Егін және мал шаруашылығын жедел қарқынмен өркендете беруде қолда бар су қорын тиімді пайдаланудың зор маңызы бар. Өйткені, бұл шараның жүзеге асырылуы егін шығымдылығын арттыру және мал азығының берік қорын жасау, сөйтіп, малдан мейлінше мол өнім алу міндеттерінің ойдағыдай шешілуін қамтамасыз етеді.

Алайда, Булаев ауданының бірқатар колхоздары мен МТС-терінде егістік жерлер мен шабындықтарға қар суын бөгеу жұмыстарының барысы ойдағыдай болмай отыр.

Жоспар бойынша ауданда 4200 гектардай егістік жерлер мен шабындықтарға қар суын тоқтататын бөгеттер жасалуға тиіс еді. Бірақ, осы уақытқа дейін мұнда небары 1 мың гектардай егістік жерлер мен шабындықтарға ғана қар суын бөгейтін шаралар жүргізілді. Мұның басты себебі —аудан, МТС және колхоз басшылары егістік жерлер мен шабындықтардың ылғалдылығын арттыруда көктемгі қар суының үлкен пайдасы бар екенін әлі күнге дейін жете бағаламайды. Олар егістік жерлер мен шабындықтарды сумен қандыру жөнінде сөз болса, қар суын бөгеуді естен шығ… …татын бөгеттер жасауға күні бүгінге дейін кіріскен де жоқ.

Калинин атындағы МТС-тің қамтуындағы 7 колхоздан егістік жерлер мен шабындықтарға қар суын бөгеуге екі-ақ колхоз кірісті. Бұл екі колхоздың өзінде қар суын бөгеудің шаралары өз дәрежесінде жүргізілмей отыр. Бұларда қар суын тоқтататын бөгеттер жасауға бөлінген тракторлардың өнімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілмеген. Олардың жұмыс істеуінен тұруы көп. Мәселен, жуырда Стаханов атындағы колхозда су тоқтататын бөгеттер жасауға бөлінген «НАТИ» тракторы 4—5 күн бойына жұмысқа қосылмай бос тұрды. Бұл күндері оны үздіксіз жұмысқа қосуды МТС басшылары да, колхоз басшылары да қамтамасыз етпеді. Мұнда трактор қар жырткышы күні бүгінге дейін өнімсіз жұмыс істейді. Бірақ, бұл жағдай МТС және колхоз басшыларын қынжылтар емес.

Булаев МТС-і қамтыйтын «Страна Советов» және Буденный атындағы колхоздары да қар суын бөгеуге кіріскен жоқ. Бұл колхоздардың, әсресе, егістік алаңдарының ояң, құламалы жерлері өте көп. Егер қар-мұз бөгеттері жасалмаса, олардағы қар суы түгел сайлар…

*Халықтық демократия елдерінде*

## Қытай еңбекшілерінің өндірістік табыстары

ПЕКИН, 13 апрель. (СОТА). Қыта… еңбекшілері Бірінші Майды жаңа өндіріс… тік табыстармен қарсы алуда. Елдің те… міржолшылары тамаша табыстарға не… болды. Бүгін «Гунженьжибао» газеті Қы… тай Чанчунь темір жолы Басқармасыны… № 1008 паровозының жастар бригадас… совет мамандарының тәжрибелерін пайд… лана және поезд алып жүрудің луинді… әдістерін зерттеп, паровозды ешбір ақау… ға ұшыратпастан 1949 жылдың бірін… апрелінен 1952 жылдың 31 мартына дей… 352 мың 871 километр жол жүріп өтке… деп хабарлады. Бригада ақаусыз сапард… 400 мың километрге жеткізуді және б… жыл ішінде 500 миллион юанейді үнем… деуді ұйғарды. Бірінші Май қарсаңынд… ғы жарыста жастар бригадасының баст… масын қолдап, көптеген паровоз бригад… лары орта тәулік жүріс жылдамдығ… 500 километрге жеткізуге жарысқа қ… сылды.

Гирин дистанциясы мастерскойларыны… жұмысшылары металл өңдеудің жылда… датылған көп түрлі әдістерін игеруд… Осының нәтижесінде еңбек өнімділ… едәуір артып, паровоз жөндеудің мерзі… қысқартыла түсті. Бұрын паровозды ку…

# ...қты Апрель ...збес жыл

...крибелері-
...және ша-
...ің мемле
...дегі ұлы

...емес, —
...веттерінен
...рі баскан-
...төменнен
...ашы, ша-
...республи-
...І. Шығар-

...чествоның
...апарған-
...еттер рес-
...айға сәй-
...се, дейді
...ыда ада-
...оз бола-
...лмас еді,
...қсан келе-
...пролета-
...Сондық-
...қ тарихи

...тиясының
...іп жатқан
...берді. Пат
...нгі соғыс-
...йпаты өз-
...лудан қа-
...ен буржуа
...ің жалған

...волюцияға
...помещик
...ішіндегі
...меншігіне
...еттік бір
...ге жұмыс-
...тарапы-
...өндірісті
...лауға алу
...

дің Уақытша үкметті қолдап отырған қате тактикасын әшкерелеу, меньшевиктер мен эсерлерді Советтерден аластап шығарып, Советтерді большевиктер жағына шығару міндетін қойды. Кемеңгер көсем мәселені былай қойды:

«Революциялық үкмет тек жұмысшы депутаттары Советі формасында ғана болуы **мүмкін** екенін, сондықтан әзірше бұл үкмет буржуазияның ықпалына берілін отырған кезде, біздің міндетіміз — олардың тактикасының қателігін шыдамдылықпен, жігер салып, әсресе, бұқараның іс жүзіндегі тілектеріне үйлестіре отырып, үнемі ұғындыру ғана бола алатынын бұқараға түсіндіру.

Біз әзірше азшылық болып тұрған кезімізде, қателіктерді мінеп, ашып отырмыз, сонымен қатар, мемлекет билігінің түгел жұмысшылар депутаттары Советінің қолына өтуі керектігін түсіндіреміз» (Шығармалары, 24-том, 5-бет).

Бұл— революцияны бейбітшілік жолмен дамытудың нұсқауы еді.

Ленин партия құрылысы саласында бірқатар жаңа міндеттер қойды. Социалистік революция жасау үшін опасыз келісімпаз партиялармен аяусыз күресе отырып, еліміздің жұмысшы табының авангарды большевиктер партиясының революциялық күш-қуаты мен жауынгерлік қабілетін мейлінше арттырып нығайту керек болды.

В. И. Ленин дереу партия съезін шақырып, партияның программасы мен партияның атын өзгерту міндетін қойды. Партияның ескірген программасын өзгертіп, онда империализм дәуірі мен империалистік соғыстардың мәніне талдау жасап, болғалы тұрған социалистік революцияның міндеттері, капитализмнен социализмге өту дәуіріндегі мемлекеттің түрпаты туралы және сол сықты, күрделі мәселелерді айқындап беру керек болды...



Тәжрибе жұмыстарын жүргізу мақсатында Петропавлдың механикалық техникумында мастерской ашылды.

СУРЕТТЕ: шебер **Ф. Бурлаченко** студенттерге токарьлық станоктің құрылысын көрсетіп тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн,**

# Мектеп және оған қамқорлық

Совет оқытушылары жас ұрпақты социалистік Отанымызға, Ленин —Сталин партиясына шексіз берілгендік рухта тәрбиелеуде үлкен творчестволықпен еңбек етіп келеді. Мектептердің осы ең жауапты жұмысына оларды қамқорлыққа алып отырған заводтар мен мекемелер үлкен көмек көрсетіп отыр. Әсресе, олар мектептердің жаңа оқу жылына мүлтіксіз әзірленуіне елеулі көмек көрсетуде. Мұны біздің мектептердің өміріндегі тәжрибелерден көруге болады.

Ленин атындағы № 1 орта мектепті арақ-шарап комбинаты және «Заготзерно» қамқорлықтарына алған болатын. Олар мектептермен тиісті мерзімінде байланыс жасап, мектепті жөндеу кезінде көмек көрсетіп туралы. Қамқорлыққа ал-...

...гедектер кооперациясы одағының қамқорлығында. Осы мектепті қамқорлыққа алған мекеменің көмегі арқасында жалпы оқу қорының мөлшері он мың сомға жетті.

№ 2 жетіжылдық мектептің оқытушылар коллективі мектепті қамқорлығына алған мекемеге барып, қабырға газетін шығарады. Ата-аналары сонда жұмыс істейтін нашар үлгеріп жүрген балалардың тәрбиесі туралы арнаулы мәселе көтереді. Балалары нашар үлгеретін туысқандардың шағын двигательдер заводының партия жыйналысында баяндамалары тыңдалады.

Алайда, мектептер мен мектептерді қамқорлығына алған ұйымдардың арасын...

# Кореядағы оқыйғалар

## ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 14 апрель. (СОТА). Корей Халық -Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 14 апрель күні Корей Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, барлық майдандарда американ-ағылшын интервенттері мен лисынманшыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізумен болды деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зениттік артиллерия бөлімдері және жау самолетін аңдып атқыштар жаудың 4 истребителін атып түсірді.

Халық армиясының авиация бөлімдері соңғы он күннің ішінде жау авиациясына қарсы 50-ден астам әуе ұрыстарын жүргізіп, осының нәтижесінде дұшпанның 28 самолетін атып түсірді.

## ФРАНЦИЯДА ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ПАРИЖ, 14 апрель. (СОТА). «Се суар» газеті 12 және 13 апрель күндері Францияның бірнеше ірі қалаларында жалақыны арттыруды талап еткен трамвай жұмысшыларының ереуілі болып өткендігін хабарлады. Ницц, Тулон және Гаврде трамвай жүрістері мүлдем тоқтатылды. Сол сықты, ереуіл Брест, Марсель, Лион және Бордо қалаларында «Форс увриер» құрамына кіретін жікшіл кәсіподақтары басшыларының ереуілге қосылуға бастартуына қарамастан, ереуіл табыспен өткен.

## АМЕРИКАН ИНТЕРВЕНТТЕРІНІҢ БАКТЕРИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДЫ ҚОЛДАНУЫНА ҚАРСЫ ЖАПОНИЯДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚ

ТОКИО, 14 апрель. (СОТА). «Дзинкен минпо» газеті марттың аяғында «Халыққа көмек көрсету жөніндегі Жапон қоғамы»ның Трумэн мен Трюгве Лиге американ әскерлерінің бактериологиялық құрал...

